

«Күншуак» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**№ 11 «Жұлдыз» ортаңғы тобының
«Елім менің –гүлденген Қазақстан!» тақырыбында
25 қазан республика күні ертеңгілігі**

**Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж
Тәрбиешілері: Абдыкова А.Т Таухабаева И.М**

2025-2026 оқу жылы

«Менің Отаным-Қазақстан!»

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, бөбекжай бақшасының тәрбиеленушілері! № 11 «Жұлдыз» ортаңғы тобының Республика күніне арналған «Елім менің – гүлденген Қазақстан!» тақырыбында ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші:- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер - білім, өркенім.

-Балалар, мына экранға назар салып, Қазақстанымыз туралы мәлімет алып жіберейік. (слайд пен видео)

- Балалардың орындауында "Балдырған жыры" әні шырқалады.

Жүргізуші: Балалар біздің республикамыз қалай аталады?

Балалар:- Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші:- Президенттерің кім?

Балалар:- Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші:-Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіндер ме?

Балалар:- Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,

Мағыналы ән ұранымыз бар,

Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Жүргізуші:- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

Жүргізуші:- Біздің балалар тапқатар арқылы айтып дәлелдиді.

Имран.

Туған елім- тірегім,

Тәуелсіздік- жүрегім.

Республика –нұрлы күн,

Бақытымның тірегі!

Еңлік.

Көк байрағым желбіреп,

Күн астында күлді көк.

Республика -ел үйі,

Бірлігім мен тірегі!

Муслима.

Қазанның жиырма бесі,

Мерекем менің, жыр күні.

Тәуелсіз елдің таңы бұл,

Жарқырап туған нұр күні)

Нұрканат.

Елім барда еркінмін,

Көк туыммен тең жүрмін.

Республика -арманым,

Қазақ атты серігің!

Махаббат

Мен кішкентай қазақпын,

Бейбіт елде өсіппін

Республика күніміз,

Жарқырайды күніміз!

Еркемай.

Көк туымды сүйемін!

Көңілді әнді үйренем

Республика мейрамын,

Қуанышқа бөлеймін!

Нұрали.

Елім менің-Қазақстан!

Күн секілді жарқырап.

Республика -той күні!

Би билейміз шаттанып!

Аяна.

Бүгін мейрам шуақ күн,

Ән мен күйге қуатпын

Республика –шаттығым

Ойнаймын мен қуанып!

Жүргізуші:- Жарайсындар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң болсын.
Балалар- Киіз үй деп айтамыз. *(кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.)*

Жүргізуші:- *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсындар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойнын ұсынамын.

Жүргізуші: Балалар біздің тобымыздың достығының белгісі Шаңырақ құрып жіберейік! *(шеңберге тұрып, шаңырақ тақпағын айтады)*

Ойын: «Қазандыққа сал»

Жүргізуші:- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Жүргізуші:- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсін», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біздің Отанымызды қорғайтын батырларымызды ортаға шақырып ұлттық ойын: «**Білектесу**» ойынын ойнап, батырларымызды қолдап жіберсек қайтеді.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ! - дей отырып, балаларымыздың

республика күніне арналған **тақпақтарын** қабыл алыңыздар.

Ерасыл.

Құтты болсын қазағым,

Республика күні бұл

Мерейлі де тәуелсіз,

Қазағымның үйі бұл!

Айсана.

Республикам киелі,

Соғып тұрар жүрегім.

Республикам жасай бер,

Мықты болып тірегің!

Жүргізуші: -Сән — салтанат жасайық,

Күйсандықты ашайық.

Бұл мереке, бұл тойға,

Бимен шашу шашайық —деп ортаға бөбекжай бақшамыздың биші қыздарын шақырамыз.

Би: "Қазақстаным!"

Жүргізуші: - Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз! Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)



